



ҚАЗАҚСТАНДА ТУҒАН, ҚАЗАҚТЫҢ МЕМЛЕ-  
КЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІН БІТІРГЕН ОРЫСТЫҢ  
КӨРНЕКТІ ЖАЗУШЫСЫ, ЕҢБЕКЕРІ  
АНАТОЛИЙ ИВАНОВТЫҢ ТУҒАНЫНА  
**80 ЖЫЛ**

Өткен ғасырда Қазақстан тарихында орыс жазушыларының талайының ізі қалды. Таратып айтар болсақ Георгий Гребенчиков, Павел Васильев, Всеволод Иванов, Николай Иванов (Анов), Ефим Пермитин, Иван Шухов, Михаил Чистяков және бүгін атын ардақтап отырған Анатолий Иванов.

Осы аталған жазушылардың әрқайсысы да ел өмірінде ерекше орны бар адамдар. Қазақстандық әдебиет жасауда, көркем сөздің озық үлгісін жазып қалдырған қаламгерлер. XX-ғасырдағы қазақ әдебиетінің қалыптасып дамуына сүбелі еңбек сіңірген дарындар. Анатолий Ивановтың «Мәңгілік шақыру», «Көлеңке талтүсте жоғалады» роман-эпопеялары қазақ жеріне келіп қоныстанған орыстар өмірінің шынайы айнасы.

Романдардың орыс әдебиетінің сол кездегі қолдан түспейтін көп оқылатын шығармаға айналуының бірден-бір себебі саясаттан тыс, тек қана өмір шындығын көрсетуінде деп білемін. Романдар оқиғасы XIX-ғасырдың ортасынан басталып XX-ғасырдың 50-ші жылдарын қамтыған.

Бір дәуірдегі оқиғалар желісі адамдардың тұрмыс-тіршілігімен астасып жатыр. Столыпин реформасы, Қазан төңкерісі, Азамат соғысы, НЭП, коллективтендіру, индустриализация, Ұлы Отан соғысы және одан кейінгі ел экономикасын қайта көтеру, міне, бұның бәрі Анатолий Степанович Ивановтың шебер қолымен, данышпандығымен көрсетілген.

Орыс деревнясындағы «ескі дәстүрдегі» орыс шаруалары өмірі формациялардың ауысуына байланысты қалай дамығаны, адамдардың қарым-қатынасы, кейікерлердің мінез-құлқы, терең психологиялық ахуал, адамдар арасындағы тартыс кең форматпен көрініс табады.

Анна мен Федор, Анна мен Иван, Анна мен әкесі арасындағы адамдық ара-қатынас шиеленісуі жан-күйінді толқытып, солармен бірге өмір сүргендей қалыпқа түсіреді. Тіпті жағымсыз кейікер ретінде суреттелетін Косоротов пен Полиповтардан сол заманның ащы шындығын көресіз. Әсіресе, ағайынды Савельевтердің жанұясындағы өзгерістер мен қарама қайшылықтар өте нанымды көрсетілген.

Осы уақиғалардың барлығы Шемонаихалықтар арасында болғаны бүгінгі ұрпақ біздер үшін сол

Дүбірлі бүгін даламыз,  
Алмасқандай оң мен түс.

Қайранмын туған жеріме,  
Қараймын туған еліме.  
Той жасап жатыр жұртымыз,  
Көрсетіп құрмет еріне.

Елдігін жазған елімнің,  
Жазушы тойы – осы той.  
Анатолий Иванов –  
Алтайдың туған ұлы зой.

Атам қазақ айтатын,  
Адамның ұлы – Иванов.  
Алтайда мұндай ескерткіш  
Басқаға жұртым қойған жоқ.

«Мәңгілікке шақырып»,  
«Көлеңке түсте жоғалған».  
Ивановта бар ма арман,  
Есінде елдің сақталған.

Ұрпағы қандай саналы,  
Ер есімін ұмытпас.  
Қазақ қандай кеңпейіл,  
Орнатқан мұндай құлпытас.

Қолыма алдым кітабын,  
Әйгілі болған әлемге.  
Атамның атын іздедім,  
Таба алмадым, ал неге?!

Соғысты көп жазыпты,  
Атам да болған майданда.  
Әжем де жаяу барыпты,  
Убіден мал айдауға.

Колхозды бірге құрысқан,  
Майданда бірге ұрысқан.  
Батыр болып атамыз,  
Аман-сау келген соғыстан.

Солардың ізін көре алмай,  
Жоқ дегенге сене алмай.  
Ақтара бердім кітапты,  
Парағынан көз алмай.


**Қ. БЕСБАЙЫС**



2008 жылы 5-мамыр  
13.00-де Шемонаиха қаласында  
А.С. Ивановқа ескерткіш-бюст орнату  
ұйымдастырылды.

Фотосуреттер И.Д. НИКИФОРОВТЫҢ, Е.В. ПАНКРАТОВАНЫҢ және Владимир  
Ивановтың мұражайы қорларынан алынды. Алғыс айтамыз.

## ТАРИХТЫҢ ТАНЫМЫ



# НҰР АЛТАЙ №6 (13), 30 сәуір 2008 ж. ЕЛ БЫРҒЫСЫ - БІЛІГІМІЗ!

Айтарым

## Осы жұрт Ивановты біле ме екен...



Туған жер ұлдарымен мақтанады. Әлемге әйгілі Анатолий Степанович Ивановпен Ше-монаиха жері мақтануы керек.

Анатолий Налимов,  
№2 мектеп директоры



Туған жерді асқан махаббатпен жаза білген атақты жазушы Анатолий Степанович Ивановтың жерлесі болғанымды мақтан егеним

Динара Ахуженова,  
№5 мектептің ұйымдастырушысы



Анатолий Ивановтың туғанына 80 жыл толуы мерекесі ауданымызда тойлануда. Осы мереке басында облыс әкімі Жәнібек Кәріпжанов, А. Ивановтың қоғамдық қоры, аудан зиялыры мен кәсіпкерлері тұр. Мерей той қарсаңында атақты

жазушыға ескерткіш орнатылып, ғылыми конференциялар өткізілуде. Той 5-ші мамырда Ресей Федерациясынан келетін қонақтармен бірге өткізіледі. «Заман адамы билейді. Жақсының жаттығы жоқ!» - дейді емес пе қазақ атамыз. А. Ивановтың орыс



Ел бірлігі үшін, ұлттар мен ұлыстар келісімі бұзылмас үшін, қашанда кеңпейіл қазақтың бұған да тарылмағаны осы ғой. «Таспен атқанды, аспан ат» деген алтын аналарымыздың сөзін ұстанғаны шығар. Өз басым данышпан жазушының шығармаларынан Қазақстан, қазақ елі деген бір сөз, я болмаса шығармаларынан бір қазақ кейіпкер табармын деген дәмелі үміттемін. Ақталар ма...

Ермүсілім Жұмағұлов  
ОВ 156/6 мекемесі қызметкері

Жазушы жерлесіміз Анатолий Степанович Ивановты мен көрдім. Ол кісі онда жас болатын. «Вечный зов» телесериалын біз өте қызығушылықпен қарайтыңыз. Менің жанұядағы балаларым мен жұбайым жазушының шығармаларымен ертеден таныс.

Надежда Цыганкова, нотариус

## ТАРИХТЫҢ ТАНЫМЫ



Әке зиратында



А.К. Протозановпен бірге



Сарбиназ Шойынбекова,  
Усть-Таловка кенті тұрғыны

жазушысы, рухани көсемі болған рас.

Қайрат Дузбенов,  
әскери қызметші



Анатолий Ивановтың «Вечный зов» романындағы махаббат тақырыбы маған ұнайды. Әсіресе Аннаның тағдырына қатты көңіл бөлемін.

Ирина Бороденко  
Шемонаиха қаласының

Жерлес жазушы Анатолий Степанович Ивановтың «Алқины песни» әңгімесі маған өте ұнайды. Ондағы Алқаның әндерін біздің апаларымыз осы уақытқа дейін айтатындай.

